

I жартыжылдық бойынша тәрбие жұмысының есебі

2016 – 2017 оқу жылы

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 2015-2020 жылдарға арналған Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын басшылыққа ала оқу жылының басында 2016-2017 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылып, бекітілді.

Тәрбие жұмысы жоспары келесідей негізгі бағыттарда іске асырылды:

- 1.Қазақстандық патриоттық және азаматтық, құқықтық тәрбие
- 2.Рухани-адамгершілік тәрбие
- 3.Ұлттық тәрбие
- 4.Отбасы тәрбиесі
- 5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- 6.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
- 7.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
- 8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір сүру салты.

Оқу жылының бастамасы жылдағыдай ұйымдастыру бөлімінен басаталды. Ол бірінші курсқа қабылданған студенттерді топтарға бөліп, топ жетекшілерін тағайындау, кабинеттерге бөлу, жатақханаға орналастыру, ата-аналармен кездесе отырып оларды колледжішілік тәртіппен таныстыру, ата-аналардың балаларының бос уақытын қадағалауы, түнгі бейсауат жүрістерін болдырмау мәселесі қозғалып, студенттер мен ата-аналардың міндеттері бар келісімшартқа қол қойғызылады.

Оқу жылының басынан бастап өткізілген шаралардың барлығы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясына өткізілді.

Дәстүрлі шаралар «Білім күні», «Денсаулық күні», «Мұғалімдер күні» өткізіліп, тәрбие сағаттарымен жалғасты.

Өткізілген кездесулер:

1.Құқық бұзушылық, тәртіпсіздіктің алдын-алу мақсатында Ақтау қаласының ішкі істер басқармасының жасөспірімдер полициясы және инспектор М.Ақбасов, Оразғалиев.С, А.Жапақовпен кездесу болып өтті.

2.Қараша айында «АИТВ\ЖИТС жөнінде не білуіміз керек?» тақырыбында ЖИТС-ке қарсы күрес орталығынан нарколог мамандар Букенбаев М.И, Таңатарова Ж.Ә, қатысуымен өткізілді және осы тақырыпта тәрбие сағаттары өткізілді.

3.«Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері» басқармасының 2016 жылғы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің «Жастардың бәсекеге қабілеттілігін қолдау және дамыту» әлеуметтік жобасы бойынша «Жастар арасындағы діни сауаттылықты арттыру» тақырыбында «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің координаторы Е.Е.Әбдікәрімова мен облыстық мешітінің иманы Атибеков Елдар Жексенұлымен кездесу ұйымдастырылды.

4.Желтоқсан оқиғасы күні қарасындағы Азанова С.О., Туленова Г.І, бірінші курс студенттері арасында желтоқсаншылар Айтжанова Айша Тұяқбайқызы және Абубакирова Григор Султанбаевичпен кездесу ұйымдастырды.

5.Педагог психолог Мусерепова Х.К, Егизғараева Қ. Ұйымдастыруымен «Мен және дін» тақырыбында психологиялық алдын-алу және ағарту жұмысы бойынша теолог мамандардың қатысуымен өткізілді.

10.11-15.12.2016 жылдың аралығына «Ұлы дала елі Тәуелсіздіктің 25 негізі» тақырыптық жұлдызды күн жоспары жасақталып, 25 нақты шара өткізілді. Оның ішінде қайырымдылық акциясы «Қарттарым асыл қазынам», «Балаға мейрім сылайық!» тақырыптарында Ергалиева Қ.О., Аңсатова А.Т., «Балалық шаққа саяхат» театырлық қойылым Домбаева Л.Қ., дайындалып, кейін облыстық сайысқа қатыстық. Сонымен қатар «Жаз. Балалар және мен» тақырыбында лагерде жұмыс жасаған студенттер өз тәжірбелерінен көрініс көрсетті. Осы шараға облыстық білім басқармасынан Алжамай Жұмағалиевна және

жастар ресурстар орталығынан басшылары, өзге колледждерден директордың орынбасарлары қатысты.

Осы жұлдызды күндердің тағыда бір ерекше күндері студенттермен балабақша балаларымен «Жаңа технологияларды қолдану арқылы оқу қызметін ұйымдастыру» тақырыбындағы сайыс түрінде өткізген ашық сабақтары болды. Дайындауға атсалысқан практика жеткшілері және Нурмуханбетова К.Х. Студенттердің қабілеттеріне қарай ұйымдастырылған «Екі жұлдыз» ән байқауы Таумурунова М.Т.

Ескалиев Ж.Ж., Танатбекова Г. ұйымдастырған спорттық ойындар түрлерін атап өтуге болады. Тәрбие сағаттарын өз дәрежесінде өткізген Ақмамбетова Д.Б., Мусерепова Х.К., Испекеева Д.Е., Шадимуратова М.М., Қойшығұлова А.Қ., Келдібаева А.Қ., Құдайбергенова Г.Ж.

Жұлдызды күн «Тәуелсіздіктің ақ Таңы» атты концерттік бағдарламамен аяқталды. Сонмен қатар «Тұңғыш президент күні», Бүкіл әлемдік ЖИТС-ке қарсы күрес науқаны кезеңдеріне байланысты жоспарлар жасақталып, айлық тәрбиелік шаралар, 14-24.11.2016ж. аралығында спорттық ойындар сайысы (мини футбол, волейбол, баскетбол) өткізілді.

«Нұр Отан» партиясының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасының орындалысы бойынша Жас Отан жастар қанатының өкілдерінің қатысуымен «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты дөңгелек үстел 1 курс студенттері арасында ұйымдастырылды. Сонымен қатар осы тақырыпта студенттер арасында сауалнама өткізілді.

Жастар ісі комитеті колледждегі және қаламыздағы қоғамдық жұмыстардың барлығына дерлік атсалысты. Қарттар күніне орай «чосон» корей этномәдени бірлестігімен бірге дөңгелек үстел өткізілді. I-курс студенттері арасында «Күзгі бал» кеші, «Екі жұлдыз», ән байқауы, «Көңілді флэшмоб» сайыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар дін істері басқармасының мамандарымен, тәртіпсіздіктің алдын-алу шаралары бойынша әртүрлі кездесу, дөңгелек үстел өткізілді.

Колледждегі педагог-психологтың жұмысы оқу жылының басынан бастап ата-аналармен әртүрлі бағыттарда кездесумен басталды. Соның бірі суицид мәселесі бойынша бірнеше кезеңнен тұртын ата-аналарға арналған семинар, түсіндірме, психологиялық ағарту жұмыстары, жеке жұмыстар өткізді. Сонымен қатар сауалнамалар, діни бағытта кездесу ұйымдастырды.

Студенттерімізбен жылдағыдай қалалық, облыстық шараларға белсене қатыстық:

1. Әртүрлі тақырыптарда өткізілген акциялар;
2. Ұйымдастырылған қалалық концерттер;
3. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында өткізілген қалалық шараларға;

4. Ақтау қалалық «Интеллект-2016» зияткерлік сайысына;

5. Жас Отан жастар қанаты мүшелерінің ұйымдастырылған шараларына қатыстық.

Облыстық, қалалық деңгейдегі марапаттар:

1. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдағы аясында өткізілген облыстық байқаудан Бимурзаева Асель дипломмен марапатталды;

2. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы ШБ-41 тобы студенті Ақылбекқызы Элизаны жетістіктері үшін дипломмен марапатталды;

3. «Жас Отан» ЖК бөлімше басшысы Сайынова Темірбек «Үздік бөлімше басшысы» номинациясын жеңіп алды;

4. «Болашаққа бастар жол...» атты театрландырылған конкурсына белсенді қатысқанымыз үшін Маңғыстау облысы Қазақстан халқы ассамблеясы колледжімізді алғыс хатпен марапаттады.

Спорттық жетістіктер:
2016-2017 оқу жылдың I жартыжылдық бойынша колледжде өткізілген
спорттық іс-шараларының есебі:

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Жүгіруден «Алтын күз» атты колледжішілік жарыс.	Қыркүйек	Ескалиев Ж.Ж., Егизгараев Қ.К.
2	«Алтын доп-2016» баскетбол бойынша колледжішілік турнир.	Қыркүйек	Ескалиев Ж.Ж., Таңатбекова Г.О.
3	«Көңілді ойындар» колледжішілік қызметкерлер арасында эстафета.	Қазан	Ескалиев Ж.Ж.
4	«Флешмоб» колледжішілік би сайысы.	Қазан	Егизгараев Қ.К., Куянбаев Н.Б.
5	«Ұшқыр доп-2016» волейбол бойынша колледжішілік турнир.	Қараша	Егизгараев Қ.К., Андакулова У.Н.
6	Қазақ күресі бойынша колледжішілік іріктеу турнирі	Қараша	Ескалиев Ж.Ж.
7	«Ұшқыр ойлы» шахмат бойынша колледжішілік турнир.	Желтоқсан	Егизгараев Қ.К., Сисенов А.
8	Тоғызқұмалақ және дойбы бойынша колледжішілік турнир.	Желтоқсан	Таңатбекова Г.О.

2016-2017 оқу жылдың I жартыжылдық бойынша облыстық жарыстардың есебі:

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Орын
1	«Күзгі кросс» 2000м, 3000 м. жүгіру жарысы	қыркүйек	Командалық I орын
2	Ұстаздар күніне арналған, оқытушылар арасында, қалалық эстафеталық жүгіру жарысы	қыркүйек	Командалық I орын
3	Ұстаздар күніне арналған, оқушылар арасында, қалалық эстафеталық жүгіру жарысы	қыркүйек	Командалық I орын
4	Волейбол жарысы (ұлдар)	қазан	Командалық I орын
5	Үстел теннисі жарысы	қазан	Командалық I орын
6	Баскетбол бойынша турнирі	желтоқсан	Командалық I орын
7	Қызыл жұлдыз орденінің иегері Қ.Берішбаевты еске алуға арналған баскетболдан облыстық III-ашық турнирі	желтоқсан	Командалық I орын

Оқушылардың жетістіктері:

№	Аты - жөні	Номинациясы	Марапаты
1	Кестен Фарида	«Жыл жаңалығы»	Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы
2	Аманқос Әлберген	«Жыл студенті-2016» облыстық байқауында «Үздік спортшы»	Маңғыстау облысының әкімшілігі

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары: С.Сармалаева